

Көкшетау қалалық мәслихатының "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 4 қыркүйектегі № С-14/12 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 30 наурыздағы № С-22/7 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 сәуірде № 1-1-102 тіркелді. Күші жойылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 21 сәуірдегі № С-34/28 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2010.04.21 № С-34/28 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Көкшетау қалалық мәслихатының «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 4 қыркүйектегі № С-14/12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1-1-90 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 23 қазанда «Көкшетау» № 44 және 2008 жылғы 23 қазанда «Степной маяк» № 44 газеттерінде жарияланған) шешіміне енгізілген кейінгі өзгерістермен: Көкшетау қалалық мәслихатының «Көкшетау қалалық мәслихатының «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 4 қыркүйектегі № С-14/12 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № С-18/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1-1-95 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 29 қаңтарда «Көкшетау» № 4 және 2009 жылғы 29 қаңтарда «Степной маяк» № 4 газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыру ережесіндегі 4 тараудың 13 тармағының 5) тармақшасына келесі мазмұнда толықтыру енгізілсін:

«5) Чернобыль атом электр станциясында болған апат салдарын жоюға қатысқандарды еске алу күніне орай - 5000 теңге».

2. Осы шешім Көкшетау қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Төртінші шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының</i>
<i>22 сессияның төрағасы</i>	<i>Ә. Баймағамбетов</i>
	<i>Төртінші шақырылған Көкшетау қалалық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Қ. Мұстафина</i>
<i>КЕЛІСІЛДІ:</i>	
<i>әкімі</i>	<i>Көкшетау қаласының Б. Сапаров</i>
	<i>«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік</i>
<i>мекемесінің бастығы</i>	<i>Қ. Ахметов</i>
	<i>«Көкшетау қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік</i>
<i>мекемесінің бастығы</i>	<i>Ө. Ыдырысов</i>
	<i>«Көкшетау қаласының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі»</i>
<i>бастығы</i>	<i>мемлекеттік мекемесінің А. Омарова</i>